



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 87 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

**ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері
жыл басынан бастап 15,8%-ға өсті**

2014 жылғы 2 желтоқсан

Алматы

Жедел деректер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері ағымдағы жылғы қарашада 1,2%-ға өсті және айдың соңында 28,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Бұл ретте, жыл басынан бастап ҚР Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 3,9 млрд. АҚШ долларына немесе 15,8%-ға өсті.

Қазақстан Республикасының халықаралық резервтері ҚР Ұлттық қорының шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 76,8 млрд. АҚШ доллары) ағымдағы жылғы қарашада 0,3%-ға өсті және айдың соңында 105,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Жыл басынан бастап елдің халықаралық резервтері ҚР Ұлттық қорының шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда 9,9 млрд. АҚШ долларына немесе 10,3%-ға өсті.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39,
+7 (727) 2 704 585; +7 (727) 330 24 97, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.*